

Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын және базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талон мөлшері туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 13 сәуірдегі N 18/117-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 маусымда N 14-9-85 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 9/62-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 9/62-V Шешімімен.

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2012.03.06 N 2/15-V (2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін) Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 23 қаңтар 2001 жылғы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 10 желтоқсан 2008 жылғы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабын басшылыққа алып, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін бір жолғы талон құны 1 қосымшаға сәйкес, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бір жолғы талон құны 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2012.03.06 N 2/15-V (2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін) Шешімімен.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Ақжігіт

Ә. Махатай

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы
 13 сәуірдегі N 18/117-IV шешімімен
 бекітілген 1 қосымша

к/с	Дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметінің түрі	әр сатушының сауда орны	Бір жолғы талон құны (теңгемен)
1	2	3	4
	Базар аумағында сауда жасау:		
1	Ұн, нан және нан тағамдары, кондитерлік тауарлар	1 шаршы метрден	50 теңге
2	Ет өнімдері	1 шаршы метрден	70 теңге
3	Сүт өнімдері	1 шаршы метрден	30 теңге
4	Көкөніс, жеміс-жидектер	1 шаршы метрге дейін	80 теңге
5	Құрғатылған жемістер, бал	2 шаршы метрге дейін	80 теңге
6	Киімдер, мата, бас киімдер, аяқ киімдер	2 шаршы метрге дейін	80 теңге
7	Кеңсе тауарлары және парфюмерия тауарлары	1 шаршы метрден	80 теңге
8	Жеңіл көліктер, ауыл шаруашылық техникалары, автобустар	1 кіріп шыққанына	100 теңге
9	Мото-VELO техникасы	1 кіріп шыққанына	50 теңге
10	Ірі қара мал, жылқылар, иттер	1 бас	100 теңге
11	Қой және ешкі	1 бас	50 теңге
12	Құстар мен аңдар	1 шаршы метрден	30 теңге
13	Жем шөп	2 шаршы метрге дейін	100 теңге
14	Құрылыс материалдары	3 шаршы метрге дейін	80 теңге
15	Гүлдер	1 шаршы метрден	50 теңге
16	Аяқ-киім жөндеу, дәнекерлеу жұмыстары және басқа да тұрмыстық қызметтер	2 шаршы метрге дейін	80 теңге
17	Ұсақ-түйек тауарлар	1 шаршы метрден	50 теңге

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 13 сәуірдегі N 18/117-IV шешімімен бекітілген 2 қосымша

N	Ара-тұра сипаттағы қызмет түрі	Бір жолғы талон құны (теңгемен)
1	2	3
1.	Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы):	
1)	газет-журналдарды сату /арнайы тұрақты орындардан басқалары/	30 теңге
2)	тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет)	50 теңге

3)	бау-бақша дақылдары	50 теңге
4)	Үй іргелік жерлерде, саяжайларда өсірілген гүлдер	50 теңге
5)	үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері	50 теңге
2.	Жануарлар мен құстарға арналған дайын жем-шөп	100 теңге
3.	Жеке меншік трактор иелерінің жер учаскелерін өңдеу	300 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК